

2015 - 2016 жылдарға арналған "Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 135-ө өкімі

"Үлкен ел – үлкен отбасы" жобасы шеңберінде Мемлекет басшысының "100 нақты қадам" – Ұлт жоспарында берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2015 – 2016 жылдарға арналған "Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар:

1) Жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 135-ө өкімімен
бекітілген

2015 - 2016 жылдарға арналған "Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
			БҒМ, ИДМ, МСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша), "			

1.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында " Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасының басталуы туралы хабарландыру	баспасөз конференциясы	Нұр Отан" партиясының " Жас Отан" ЖҚ (келісім бойынша), " Қазақстан-2050 " жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), " Қоғамдық келісім" РММ (келісім бойынша), " Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы " ЗТБ (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
2.	" Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасының үйлестіру кеңесін құру және оның ережесін бекіту	бұйрық	БҒМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
3.	" Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу және бекіту	медиа-жоспар	БҒМ, ИДМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
4.	Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметі туралы ғылыми-әдістемелік журнал шығару	журнал	БҒМ, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	1450 (040 " Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
	Республика кітапханаларында қазақ және шетел		облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, " Қазақстан-2050			

5.	әдебиетін оқуға деген қызығушылыққа баулу мақсатында "Bookdating" қозғалысына балалар мен жастарды тарту	талқылау және кітаптар туралы ұсынымдар алмасу үшін кітапханаларда кездесулер	" жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), " Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы " ЗТБ (келісім бойынша)	2016-2015 жылдар ішінде	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ
6.	Әлеуметтік желілерде "Ұрпақ+" виртуалды қауымдастығын қалыптастыру	"Ұрпақ+" виртуалды қауымдастығы	БҒМ, ИДМ, М С М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша), " Нұр Отан" партиясының " Жас Отан" ЖК (келісім бойынша), " Қазақстан-2050 " жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), " Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы " ЗТБ (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	т а л а п етілмейді	
7.	Мектеп және колледж оқушылары үшін гид ретінде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік туғыза отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайы мен облыстық мұражайлардың базасында тарихты зерттеу жөніндегі " Мирас" үйірмесін құру	"Мирас" тарихты зерделеу жөніндегі үйірмелері	М С М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, " Қазақстан-2050 " жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), " Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы " ЗТБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қаңтар	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ

8.	Өлкетану және этнографиялық мұражайлар жанынан "Жас шебер" сәндік-қолданбалы шығармашылық үйірмелерін құру	"Жас шебер" сәндік-қолданбалы шығармашылық үйірмелері	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Қазақстан-2050" жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы" ЗТБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қаңтар	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ
9.	Жалпы білім беру пәндері бойынша мектеп оқушыларының ғылыми жобаларының республикалық конкурсын өткізу	конкурс	БҒМ	2016 жылғы ақпан	26605 (099 "Сапалы орта білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
10.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мектеп және колледж оқушылары арасында "Ұлы Дала Елі" шығармашылық жұмыстардың (эссе, өлең, зерттеу жобалары, туған өлкетуралы бейнефильмдер, суреттер) республикалық қашықтық конкурсын өткізу	конкурс	БҒМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы" ЗТБ (келісім бойынша)	2016 жылғы наурыз-желтоқсан	талап етілмейді	
11.	Мектеп және колледж оқушылары арасында "Отаныма жиырма бес ізгі іс!" республикалық қашықтық конкурсын өткізу	конкурс	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2016 жылғы наурыз-желтоқсан	талап етілмейді	
	"Ұлы Дала Елі" туристік					

12	экспедициялық жасақтардың өңірлік іріктеу жарыстарын өткізу	өңірлік іріктеу жарыстары	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2016 жылғы наурыз-сәуір	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ
13	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында "Ұлы Дала Елі" туристік экспедициялық жасақтардың жыл сайынғы республикалық слетін ұйымдастыру және өткізу	республикалық слет	БҒМ, ИДМ	2016 жылғы мамыр	4944 (099 "Сапалы орта білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
14	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына 1 арналған мектеп және колледж оқушыларының геральдика және мемлекеттік белгілерінің тарихын білуін анықтайтын "Көк байрағым" республикалық қашықтық конкурсын өткізу	конкурс	БҒМ, МСМ	2016 жылғы мамыр-маусым	талап етілмейді	
15	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Нұрлы болашақ" республикалық акциясы шеңберінде іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу	республикалық акция	БҒМ, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша)	2016 жылғы маусым	талап етілмейді	
16	Қазақ диаспорасының балалары үшін "Қазақстан - ата жұртым, қасиетім - ана тілім" қазақ тілі мен әдебиеті бойынша Қазақстан	халықаралық олимпиада	БҒМ	2016 жылғы маусым	5563 (099 "Сапалы орта білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету" бағдарламасы	РБ

	Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған XII Халықаралық олимпиада өткізу				бойынша көзделген қаражат шегінде)		
17	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында "Менің елім" балалар мен жастардың өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының өңірлік көрмелерін өткізу	өңірлік көрмелер	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2016 жылғы маусым-желтоқсан	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ	
18	ЭКСПО-2017 шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар, натуралистердің республикалық форумын өткізу	республикалық форум	БҒМ, ИДМ, МСМ	2016 жылғы маусым	4501 (099 "Сапалы орта білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ	19 Балалар арасындағы техникалық өнерт жары өткізу
20	Астана-Сити квест (сайт www.ehistory.kz) үлгісінің негізінде туған өлкенің отандық тарихын зерделеуге арналған квест-ойындарын өткізу	квест-ойындары	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2016 жылғы шілде	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ	
21	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған "Менің еліме - 25 шың" туристік-өлкетану бағытындағы құзға өрмелеу, тау, су және жаяу туризмінің техникасы бойынша облыстық жарыстар өткізу	"Менің еліме - 25 шың" облыстық жарыстар	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ИДМ	2016 жылғы тамыз	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ	
	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған				2367 (099 "Сапалы орта білімге қол жетімділікті қамтамасыз		

22	жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасында XVII республикалық Абай әдеби оқуларын өткізу	республикалық Абай әдеби оқулары	БҒМ	2016 жылғы қыркүйек	ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
23	Оқушыларды оқуға және белсенді қоғамдық қызметке ынталандыру мақсатында табысты қазақстандықтардың мектеп және колледж оқушыларымен кездесуін ұйымдастыруға бағытталған "Зияткер ұрпақ" жобасын танымал ету	мектеп және колледж оқушыларымен кездесулер	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, " Қазақстан-2050 " жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), " Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы " ЗТБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қазан	жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде	ЖБ
24	Мектеп оқушылары арасында "Жайдарлы Жас Ұлан" КТК ойындарының республикалық конкурсын өткізу	республикалық конкурсы	БҒМ	2016 жылғы қазан	21163 (040 " Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
25	Балалар және жасөспірімдер қозғалысының көшбасшылары үшін "Ұланымыз ұлы елдің" республикалық форумын өткізу	"Ұланымыз ұлы елдің" республикалық форумы	БҒМ, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қараша	9675 (040 " Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде)	РБ
			БҒМ, ИДМ, МСМ, облыстардың,			

26	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында "Ұрпақ+" мәдени-білім беру жобасын қорытындылау	баспасөз конференциясы	Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ (келісім бойынша), "Нұр Отан" партиясының "Жас Отан" ЖК (келісім бойынша), "Қазақстан-2050" жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ (келісім бойынша), "Қоғамдық келісім" РММ (келісім бойынша), "Қоғамдық келісім" РММ (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы" ЗТБ (келісім бойынша)	2016 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
----	---	------------------------	---	----------------------	-----------------	--

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

"Жас Ұлан" ББЖҰ" РҚБ - "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі

"Нұр Отан" партиясының "Жас Отан" ЖК - "Нұр Отан" партиясының "Жас Отан" жастар қанаты

"Қазақстан-2050" жалпыұлттық қозғалысы" ҚБ - "Қазақстан-2050" жалпыұлттық қозғалысы" қоғамдық бірлестігі

"Қоғамдық келісім" РММ - "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі

"Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы" ЗТБ - "Қазақстан Республикасы колледждерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК